



# SOZAQ UNI

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak\_uni@mail.ru

№22 (9189)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СӘРСЕНБІ  
20 наурыз, 2024 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Ұлыс оң, ақ мол болсын!



### Құттықтау! Көктемнің берекелі мерекесі құтты болсын!

#### Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Наурыз - күн мен түннің теңеліп, тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп, табиғатқа нәр беріп, адамзат баласына қуаныш ала келетін көктемнің берекелі мерекесі. Бұл күн-қыстың сәті аяқталып, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, ақ бұлақтарды ақтартып, жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді. Қазақ халқы ежелден бері



жаңару мен жасарудың, молшылық пен бақ-берекенің бәрін көктемнен бастаған. Азаматтың ақ таңы атқаннан бері қаймана қазақтың қай баласы болсын, Наурыз мейрамының қадір-қасиетін жете түсінуде. Тамыры тереңге кеткен айтулы мереке-халқымыздың болмысы, ырысы мен бірлігі, өнері мен мәдениеті, дәстүріміз бен діліміздің өзегі. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелген. Ақ дастарқан басында ақжарқын көңілмен қауышып, жеті түрлі дәмнен тұратын наурыз көжеден дәм татқан. Тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылып, айнала тазартылып, топыраққа дән түскен.

#### Құрметті жерлестер!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын.

Халқымызға – ынтымақ, елімізге молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз! Ақ мол, жыл ырысты болсын!

**Ізгі тілекпен,  
М.ТҰРЫСБЕКОВ,  
аудан әкімі,  
О.ЖӘМИЕВ,  
аудандық мәслихат төрағасы.**



## Өзбекстанмен байланыс нығая түседі

Премьер-министр Олжас Бектенов жұмыс сапарымен Өзбекстан Республикасына барды.

Ташкентте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев Қазақстан Үкіметінің басшысын қабылдады. Кездесу барысында қазақ-өзбек қарым-қатынастары жоғары деңгейдегі сенім мен өзара түсіністікке негізделген стратегиялық әріптестіктің жарқын үлгісі екені атап өтілді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты тауар айналымы 4,5 млрд долларды құрады. Екі ел үкіметтері тауар айналымы одан әрі арттыру үшін инвестициялық және өнеркәсіптік жобаларды іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Өз кезегінде Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Ариповпен жүргізілген үкіметтік деңгейдегі келіссөздер сауда-экономикалық, инвестициялық, су-энергетикалық, транзиттік көлік және мәдени ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ жеткізілетін тауарлар номенклатурасын кеңейту арқылы ауыл шаруашылығы саласындағы өзара іс-қимылды нығайту бойынша қабыл-

данып жатқан шараларға арналды.

«Екі елдің президенттері қазақ-өзбек ынтымақтастығын сапалы жаңа деңгейге шығару міндетін қойды. Тауар айналымын арттыру үшін зор әлеует бар екенін көріп отырмыз, сондай-ақ екіжақты және көпжақты форматтардағы өзара іс-қимылдың жоғары нәтижелеріне жету үшін барлық қажетті күш-жігерді жұмылдырамыз», деді О.Бектенов.

Өз тарапынан Абдулла Арипов екі мемлекет басшылары деңгейіндегі сенімді және достық қатынастар стратегиялық әріптестік пен одақтастықты нығайтудың маңызды факторы екенін айтты.

«Екі елдің көшбасшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы көпжоспарлы қатынастарды одан әрі кеңейту бойынша нақты міндеттерді айқындады. Осы міндеттерді орындау үшін барлық қажетті шараны қабылдауға дайын екенімді білдіремін», деді А.Арипов.

Тараптар өнеркәсіптік кооперация саласындағы елеулі прогресті атап өтті және оны әрі қарай дамытуға зор әлеует бар екенін атап өтті. Қазіргі уақытта өнеркәсіптік коопе-

рация аясында 13,3 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 2,6 млрд доллар болатын 60 жоба іске асырылып жатыр. Қосымша 43 жобаның перспективасы да жоғары болып отыр. Екіжақты сауда әлеуетін одан әрі кеңейтуде «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығына маңызды рөл беріледі. Сонымен қатар екі ел арасында ауыл шаруашылығы саласында толық өзара түсіністік жолға қойылған.

Келіссөздер барысында Қазақстан Үкіметінің басшысы өңірдегі транзиттік көлік әлеуетін одан әрі арттыру қажеттігін айтты. Сондай-ақ су пайдалану саласындағы өзара

іс-қимылға ерекше назар аударылды. Оған қоса Олжас Бектенов қазақстандық тараптың Өзбекстанға 255 позиция бойынша 500 млн доллар сомасына экспорттық жеткізілімдерді кеңейтуге дайын екенін атап өтті.

Келіссөздер қорытындысында Олжас Бектенов пен Абдулла Арипов Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтерінің екіжақты өзара іс-қимылдың барлық спектрі бойынша арадағы ынтымақтастықты кеңейтумен дамытуға бар күш-жігерді салуға дайын екенін растады.

Жұмыс сапары барысында Қазақстан Премьер-министріне Кедендік ресімдеу орталығының электрондық декларациялауға көшу арқылы әкімшілендіруді жетілдіру саласындағы тәжірибесі көрсетілді.

Сондай-ақ Олжас Бектенов Технопарк-қа барып, өнеркәсіптік, электрондық, құрылыс өнімдерін, өнеркәсіптік және коммуналдық энергетика жабдықтарын, оның ішінде лифтілер мен эскалаторларды жоғары технологиялық өндіру үдерісімен танысты.

## ІІМ насыбайды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынғанын ескертті

ІІМ шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сату мен тарату үшін жауапкершілік барын еске салды.

«Құрметті азаматтар! Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұлттық құрылтайының үшінші отырысында насыбайды пайдалану ең зиянды және ұятты әдеттердің бірі екеніне назар аударды. Насыбай антисанитариялық жағдайда қолдан жасалады. Оның құрамында әртүрлі ауруларды, соның ішінде қатерлі ісік

ауруын тудыратын заттар бар. Қазіргі уақытта «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде шегілмейтін темекі өнімдерін, оның ішінде насыбайды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу көзделген, - деді департамент бастығы – ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алакешев.

Ол шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сатқаны үшін 25 АЕК немесе 92 мың теңгеден астам мөлшерде айыппұл көзделгенін

айтты. «Заң мен Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету мақсатында ішкі істер органдары қоғаммен бірлесіп, 18-31 наурыз аралығында республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізбек.

-Акция барысында халыққа насыбайды тұтынудың зардабы және кәсіпкерлерге оны сатуға жол бермеу туралы құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Сауда ережелерін бұзу фактілері анықталған жағдайда кінәлі

тұлғалар жауапқа тартылатын болады.

Вейптер мен шегілмейтін темекі өнімдерін әкелу, өндіру, сату және тарату үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу туралы заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қаруында екеніне назар аударамын. Құрметті азаматтар, аталған шара бірінші кезекте ұлт болашағы-жастардың денсаулығын сақтауға бағытталған, - деді Шыңғыс Алакешев.

«Созақ үні»-ақпарат.

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫНА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторинг бөлімінің бас маманы С.Қарабаев және Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңесінің

мүшесі Б.Смахова және Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді.

Бақылау барысында бөлім тарапынан ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің жағдайымен танысып, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйым-

дастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және бақылау барысында көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігімен анық ақпараттың болуы т.б мәселелері қаралып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.



## ЖАЛПЫАУДАНДЫҚ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан көлемінде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тазалық жұмыстарының ба-сында болып, жауаптыларға санитарлық тазалыққа қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Сонымен қатар, аудан орталығында орналасқан «Тәуелсіздік» саябағына еңбек ардагерлерімен бірлесіп тал көшеттерін отырғызды. Сондай-ақ онда алдағы уақытта аудан аумағын көгалдандыру мақсатында атқарылу қажет жұмыстар сөз болды.

Ұйымдастырылған тазалық жұмыстары барысында аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері саябақтар және ішкі көшелер, үлкен жолдардың бойы мен су өткізгіш құбырларды қоқыс қалдықтарынан тазартты. Сенбілікке 1400-ге тарта азаматтар мен 16 арнайы техника жұмылдырылды. 110 шақырым көше бойлары мен 5 шақырымға жуық аяқ жолдар ретке келтіріліп, полигондарға 60 тоннадан астам қоқыс тасымалданды.



## 16 НАУРЫЗ - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ

16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні аудан көлемінде кең көлемде мерекеленіп, ұлттық құндылықтар ұлықталды. Айтулы меркеге орай Таукент кентінде «Келіні жақсының керегесі алтын» атты келіндер сайысы өтті. Тағылымы мол шарада жас келіндер өз өнерлерін ортаға салып,

сүретін өзгеде ұлт өкілдерінің тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері қоса қамтылды. Шара соңы ауыл қарияларының ұлттық дәстүрге қатысты тағылымы терең әңгімелерімен жалғасты.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## Қазатомөнеркәсіп Bank of Montreal инвестициялық конференциясына қатысты

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ тау-кен өндіру, металлургия және сыни минералдарға арналған Bank of Montreal инвестициялық конференциясына қатысқаны туралы хабарлайды. Қазатомөнеркәсіптің коммерция жөніндегі бас директоры Дастан Көшербаев 25-28 ақпан аралығында өткен Bank of Montreal инвестициялық банкінің «Global Metals, Mining & Critical Minerals» 33-ші конференциясында сөз сөйледі.

Конференцияда уран нарығына шолу, компанияның стратегиясы, өндіріс және сату көлемі, жерасты ұңғымаларын шаймалау әдісімен уран өндіру, күкірт қышқылын жеткізу тізбегіндегі іркілістер, ESG принциптерін ұстану және компанияның 2024 жылға арналған болжамдары мен жоспарлары ұсынылды.

BMO Capital Markets – салалық ең ірі конференциялардың бірі, 2024 жылы қатысушылар саны рекордтық көрсеткішке жетті – 1 600 институционалдық инвесторлар мен сала сарапшылары жиналды. Өз таныстырылымымен 190-нан астам компания өкілі сөз сөйлеп, негізгі тақырыпқа әлемдік оқиғалар мен жаһандық экономиканың перспективала-



ры контекстінде пайдалы қазбалар, шикізат тауарлары, энергетикалық ауысу және декарбонизация мәселелері арқау болды.

Қазатомөнеркәсіп туралы: Қазатомөнеркәсіп - 2022 жылы әлемдік бастапқы уран өндірудің жиынтық көлемінен шамамен 22%-ы мөлшерінде компанияның қатысу үлесіне барабар табиғи уран өндіретін әлемдегі ең ірі уран өндіруші. Топтың саладағы ең ірі резервтік уран базасы бар. Қазатомөнеркәсіп еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдармен бірге 14 уран өндіруші кәсіпорынға біріктірілген 26 кен орнын игеруде. Барлық уран өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасы-

ның аумағында орналасқан және уран өндіру кезінде денсаулық сақтауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды бақылаудың озық практикалары мен құралдарына (ISO 45001 және ISO 14001 сертификатталған) ерекше назар аудара отырып, жерасты ұңғымалық шаймалау технологиясын қолданады. Қазатомөнеркәсіптің бағалы қағаздары Лондон қор биржасында, Astana International Exchange биржасында және Қазақстан қор биржасында орналастырылған. Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы болып табылады және топтың негізгі клиенттері-атом өндіруші қуаттардың операторлары, ал өнімдер үшін негізгі экспорттық нарықтар-Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа. Топ уран және уран өнімін жеткізуді ұзақ және қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, сондай-ақ спорттық нарықта тікелей Астана қаласында орналасқан корпоративтік орталығынан немесе Швейцариядағы еншілес сауда компаниясы Trading House KazakAtom (ТНҚ) арқылы жүзеге асырады.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## “Қызмет алушылар күні” іс-шарасы өткізілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті тарапынан «Сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған қадамдық жоспары» аясында «Қызмет алушылар күні» іс-шарасын ұйымдастырып,

т.б.) тақырыптарына арналған іс-шара өткізілді.

Іс-шара өтетіндігі жөнінде алдын ала хабарландырулар жүргізілген болатын.

Іс-шараға келген азаматтарға жұмыссыз ретінде тіркелу мен жұмыспен қамтылу, әлеуметтік көмектер және жәрдемақылар, ауылдық елді мекендерде жұмыс



өткізу ұсынылған болатын.

Осыған орай, 2024 жылдың 15 наурыз күні, сағат: 16-00 уақытта, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16 мекен-жайда орналасқан Созақ ауданы әкімдігі ғимаратының 1-ші қабатындағы кіші мәжіліс залында, «Халықты әлеуметтік қорғау-әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақылар, жеңілдіктер, атаулы әлеуметтік көмек пен жұмысқа орналастыру, көтерме жәрдемақылар «Дипломмен ауылға» және

істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, кенттер мен ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қызметтері бойынша консультациялық кеңестер берілді.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## 17 НАУРЫЗ—“ШАҢЫРАҚ” КҮНІ



Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясында 17 Наурыз – “Шаңырақ” күні

ретінде бекітілді. Бұл күн отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналып, елімізде өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді.

Айтулы мерекеге орай, “Жастар ресурстық орталығы” КММ-де жас жұбайлардың неке кию рәсімі өтті. Халқымыз әркез жастардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне ерекше мән берген және “Шаңырақ көтеру” ерекше дәстүрге айналған.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА  
БАСТАР АЙ

Наурыз айы- қайырымдылық күні. Сондай-ақ мейірімділік пен татулықты насихаттайтын күн.

Осы мақсатта игі істерге бастама ретінде Полиция бөлімінде тіркеуде тұрған көп балалы, тұрмыстық жағдайы төмен, жалғыз басты ананың жағдайын білуге Созақ аудандық полиция бөлімінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манпова, Созақ аудандық полиция бөлімінің штаб аға инспекторы полиция аға лейтенанты Гулфайруз Кенжигараева және аудандық мәслихат депутаты Гүлшат Есмұратованың ұйымдастыруымен қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараға мәслихат депутаты Гүлшат Есмұратова көп балалы тұрмыс жағдайы төмен отбасыға көмек көрсетіп, оларға бір айлық азық-түлікті үлестіріп, 3 бүлдіршінің баратын “Айсаулет” балабақшасының ақшасын төлеп берді. Жан жылытар қамқорлықты сезінген отбасы мүшелері қайырымдылық пен адамгершілікті биік ұстап, көмек қолын созған ауданымыздың жанашыр азаматтарына алғыстарын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

МҰҚТАЖ ОТБАСЫҒА КӨМЕК  
ҚОЛЫ СОЗЫЛДЫ

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манпова және “Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам” әлеуметтік орталығының “Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу” секторының мамандары Саржанов Біржан, Тайбек Нұрхан және Серікова Жазира тіркеуде тұрған көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен, жалғыз басты ананың жағдайын білуге профилактикалық жұмыстар атқару барысында.

Көп балалы жалғыз басты ананың үйінде отын (көмір) таусылып, жалдамалы пәтері салқындап кеткен. Балалары суықтап, шетінен ауырып қалғаны анықталды.

Зорлық-зомбылықтың комиссия мүшелері жедел әрекет жасап, демеушілік жасайтын азаматтарға хабарласты.

Аталған мәселеге бейжай қарамай, аналық мейірімді төгілген аудандық мәслихаттың депутаты Отыншиева Рабиға Шамақызы өз қаржысынан 1 тонна көмір түсіріп берді.

Сол жерде Зорлық-зомбылықтың комиссия мүшелері тасымал көлігін ұйымдастырып берді.

Жан жылытар қамқорлықты сезінген отбасы мүшелері ауданымыздың жанашыр азаматтарына алғысын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Созақ үні»-ақпарат.

## «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы



## Радуга форелі ауданымызға әкелінді

Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» пилоттық жобасын жүзеге асыру үшін 2023 жылы Шолаққорған, Созақ, Жартытөбе, Қымкент ауылдық округтері қатысты. Жыл қорытындысымен 209 азамат 1 млрд. 168 млн. теңге жеңілдетілген несиені алды.

Аталған ауылдық округтерден ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтер құрылып, кооператив төрағалары 27,6 млн. теңге, кооператив мүшелері 8,6 млн. теңгеге дейін несиені қамтыды.

Пилоттық жобаның I бағыты – өсімдік шаруашылығы бойынша 2 жоба 12 млн. теңге;

II бағыты – мал шаруашылығы 188 жоба 956 млн. теңге;

IV бағыт - балық шаруашылығы 7 жоба 56,6 млн. теңге;

V бағыт – кооперативтерді жабдықтау бойынша 4 жоба 88,85 млн. теңге;

VI бағыт – өз кәсібін ашу бойынша 8 жоба 53,7 млн. теңге несиені алды.

Шолаққорған ауылдық округінің тұрғыны Ернарзов Шора осы бағдарлама аясында 8,6 млн. теңге жеңілдетілген несиені алды. Ағымдағы жылдың 12 наурызында 5 мың Радуга форелінің шабақтарын өзінің тоғанына салды.

Шолаққорған ауылдық округінен «Созақ Агро Өнімдері» АШӨК 27 млн. 600 мың теңгеге доңғалақты «Белорусь» маркалы тракторын, 892,2 теңгеге 30 метрлік жаңбырлатып суару машинасын, дизельді насос станциясын, прес подборщик, дәрі шашатын құрылғы, соқа сатып алды.

Созақ ауылдық округінен «Жаңа Қазақ Елі» АШӨК 26 млн. теңгеге доңғалақты «Белорусь» маркалы тракторын, 892,2, жүк тиегіш (погрузчик) Long King LG 833 МК сатып алды.

Жартытөбе ауылдық округінен «Сембек ата» АШӨК 20 млн. 250 мың теңгеге доңғалақты «Белорусь» маркалы тракторын, 892,2, теңгеге трактор тіркемесін (тележка), тракторға тіркелетін жүк көтергіш құралы, топырақ майдалайтын құрылғы, соқа сатып алды.

Қымкент ауылдық округінен «Рауан» АШӨК 15 млн. теңгеге доңғалақты трактор

Беларус 892,2, прес подборщик сатып алды.

«Ауыл аманаты» пилоттық жобасын 2024 жылы жүзеге асыру мақсатында ендігі бағыт Шолаққорған, Сызған, Қарақұр, Қаратау ауылдық округтері болып белгіленді. Қазіргі таңда Шолаққорған, Сызған, Қарақұр ауылдық округтерінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №433 бұйрығына сәйкес талаптар айқындалды:

-Бағдарлама қаражатының 50% аспайтын бөлігі су үнемдеу, құс, балық, мал шаруашылығына беріледі;

-Несие алуға жұмыссыз, жеке кәсіпкер, отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлға, сату (айырбастау) үшін жеке қосалқы шаруашылықта өнім өндіру бойынша қызметті өз бетінше жүзеге асыратын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұлғалар үміткер бола алады;

-Тұрақты жұмыс орнын құру міндеттеледі (мал шаруашылығына-1, өсімдік шаруашылығына-2, өз кәсібін ашу-3, кооператив құру бағытында- 4);

-Жобаны іске асыру жоспарланған елді мекенде кемінде 12 ай тұрақты тіркеуде болуы қажет;

-Алынған несиені жаңа техника, жабдық сатып алуы тиіс, жеңіл автокөлік сатып алуға тиым салынады;

-Ауыл шаруашылығы жануарларын жақын тустарынан сатып алуға тиым салынады;

-Берілетін қаржы кооператив төрағасына 8 000 АЕК (29 536 000 теңге), кооператив мүшесіне 2 500 АЕК (9 230 000 теңге).

«Ауыл аманаты» пилоттық жобасы ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында басталады деп күтілуде.

Жоғарыда Шолаққорған ауылдық округінің тұрғыны Ернарзов Шора өсімді азамат Тараз қаласынан ауданның таулы аумағында, яғни, Көкбұлақ қойнауында орналасқан өзінің жеке тоғанына Радуга форель шабақтарын салды деді гой. Форель шабағын тоғанға жіберу сәтінде аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлім басшысының

орынбасары Оразбеков Ермак және аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Аленов Бердияр болды. Алдағы уақытта екінші қосымша тоғанына 12 мың сазан шабағын салу жоспарлап отыр екен. Жалпы, радуга форелінің ұзындығы жарты метрден асып, 10 жасында 12 килограмға жетеді. Бұл отбасының үлкен мүшесі. Дене ұзартылған, өте кішкентай, бірақ тығыз қабыршақтармен жабылған. Кішкентай қанаттары бар. Оның үлкен аузы көптеген тістермен жабылған. Көл форелінің денесі бұрынғы түршілерге қарағанда мықты болып келеді. Басы қысылған, бүйір сызығы айқын көрінеді. Ол өзінің түсімен ерекшеленеді: қызыл-қоңыр арқасы, ал бүйірлері мен іші күміс түсті. Кейде оның үстінен қара дақтар көрінуі мүмкін.

Форель ғалымдардың пікірінше, ол тұщы суға жатады. Дене ұзын және салмағы 6 килограмға дейін өседі. Оның таразы өте кішкентай. Оның өз әріптестерінен айырмашылығы іште айқын қызғылт жолақ бар.

Тіршілік ету ортасы бойынша теңіз және өзен форельдері ерекшеленеді. Олардың арасындағы басты айырмашылық-ет мөлшері мен түсі.

Ауданға әкелінген радуга форелі тұщы су балықтарының барлық түрлерін қамтиды. Олардың сүйікті тіршілік ету ортасы-таулы өзендер, сондықтан Норвегияда мұндай балықтардың саны көп. Балық тек таза және салқын суды жақсы көреді. Оны көлдерде жиі кездестіруге болады. Бұл балық Балтық елдерінің көптеген су қоймаларында, сондай-ақ Қара теңізге құятын өзендерде кең таралған.

Өзен сағаларында, тез ағып жатқан өзендерде, сондай-ақ көпірлерге жақын жерлерде болғанды жөн көреді. Ол таулы өзендерде бассейндер мен тау өзендерінде жүзгенді ұнатады. Көлдердің ішінен ол терең және суық суларды қалайды. Әрі қыс айында ұрық шашады екен. Былайша табиғаты, өмір сүру жағдайы біздің ауданымыздың табиғатына келеді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Наурыз мерекесін ұлық мереке дейміз. Не үшін ұлық! Күн мен түн теңеседі. Жылдың басы, тіршілік біткен ұйқыдан оянып жаңа өмірге қадам басады. Тек мұнымен ғана шектелмейді. Ұлық атануы салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, тұрмыс-салтымыз ұлт игілігіне қызмет етуі осы айдан бастау алады. Ұлттық киім киіп, әдемі болып жүру бір басқа да, оған жете мән беру бір басқа. Қазақ халқы қашаннан қонағын қадірлеп, құрметтей білуде алдына жан салмаған. Сол қонағына алдымен бас тартқан. Бас-ең қадірлі ас. Бүгінде сол бастың қадірін жете түсіне, қадірін білеміз бе? Кеңес өкіметі тұсында үйдің қасына өзге өңірден бір бас мал дәрігері қызмет бабымен көшіп келді. Мен 4-5 класта оқимын. Қырдың астында бақшалық шарбағымыз бар болатын. Демалыс күні сол шарбақтың мал кіретін жерлерін жөндеп, аяқ жағына жоңышқа ұрық себеміз. Бас жағында бөлек шағын бақшалыққа картоп, пияз, сәбіз егеміз. Кешкілік бақшалықтан келе жатып жаңа көршінің қоқыс төгетін шұңқырында жатқан жаңа



білдіріп «Басың көп болсын!», «Ұлды бол!», «Ғұмырлы бол!» деп батасын беретін болған.

Біздің бір көкеміз ұл-қыздарына «бастарың көбейеді, жей беріңдер!» деп бас жеуге рұқсат беретін. «Әкесі бар адам бас жемейді» деген ұғым бар. Меніміше бұл үлкенді құрметтеу, басты аяқ асты етпеу, алдымен сыйлы қонақ жесін деген ұғымнан туса керек. Сонымен қатар, басты қазанға салардың алдында жақсылық үйітіп, жуып, тазалап, көзін ағызып, тісін қағып, жағын айырып, алқымындағы бездерін, қанталаған жерін алып барып салады. Басты қонаққа тартар алдын бір құлағын кесіп, үйдің кенже баласына беріп, басты адалдап қасқалап төртке бөліп, арнайы тарелкаға салып, қасына өткір пышағын қойып, қонақтар отырған жерге сол жақ шекесімен кіргізеді. Басты алып кірген мезетте қонақ, құда, сыйлы меймандардың ішіндегі ең жасы үлкен ақсақалы үй иесіне батасын береді. Жылқының басын екі бөліп, мий шашылып кетпеу үшін дәкеге орап пісіреді. Бас сыйлы, кәделі кісілерге

# Бас-ең қадірлі ас

сойылған қойдың ішек-қарны мен бас, сирағын көрдік. Апам шыбын үймелеп жатқан бас-сирақты көріп ашуға мінді.

«Апа, ашуланбаңыз, үйіне барып айтып жүрмеңіз ұят болады,- деп апамды әзер бастық. Арада бір апта өткенде бұл жағдай тағы қайталанды. Апам бізге айтпай түс кезінде көршінің үйіне барыпты. Көршінің әйелі солтүстік жақтың орыс мінезді қызы еді. Апам ашуланбай жәймен түсіндіріпті.

«Қарағым мен ашаршылықты, жоқшылықты, қу соғысты көрген адаммын. Бір күні туған қайнағам шиеттей майда бала-шағасының талғажау етіп отырған егіз лағы бар көк ешкісін тауға жайып келем деп жетектеп әкетіп, таудың кіре берісінде ешкіні сойып, етін шикідей жеп отырғанда ауылдағылар әлгі кісіні «кешігіп кетті, бір жерде аштан өліп қалды ма?»-деп мені жұмсады. Мен ол кезде колхоз бастығы болатынмын. Атпен іздеп шығып қайын ағамның таудың ішінде ешкіні сойып етін шикідей жеп отырған үстінен түстім.

Екі көзіме ашудан қан толып кетті. Сонымен қоржынның бір басына егіз лақты, бір шетіне ешкінің етін салып қайнағамды ауылға дейін жаяу ат алдына салып айдап әкелдім. Қандай қиын, жоқшылық кезде өмір кештік. Ал сендердің тірліктерің мынау. Мына көршінің үйінде он екі бала бар. Ал мына көршінің үйінде он бала бар. Неге соларға бермейсің? Тіпті, болмаса маған бер. Сексенге келсем де өзім ішек-қарын аршуға, бас-сирақ үйітуге шамам келеді. Бір тоқтықтың бір аштығы бар. Обал, сауап дегенді ұмытпа айналайын!-депті. Осы күннен кейін көршіміз бас, сирақ, ішек-қарынды қоқысқа тастамай, бізге, не болмаса көп балалы көршілерге беретін болды. Кейде ойланамын, соның киесі ме деп, өйткені бас-сирақты, ішек-қарынды бүгінгі балалар жемейді. Әйтпесе барлық дәрумен осы бас, сирақ пен ішек-қарында екені даусыз.

Көкелеріміз үйге сыйлы қонақ келсе, асатын дайын ет болса да бас ұсыну үшін арнайы мал соятын. Кейде үйде ет таусылса мал сойып, үй айнала көршілерді малдың басына шақыратын. Басты өздері жемейтін. Дәлірек айтқанда мал сойылса ұрлап сойғандай өздерін ыңғайсыз сезініп, міндетті түрде кісі шақыратын.

Кісілер кеткеннен кейін, қонақтардан қалған басты алдына алып

бірімізге «көзің көргіш болсын», «әнші бол», «шешен бол», «құлағын түрік жүрсін, зейінді бол», «бай қуатты бол» деп көзін, құлағын, таңдайын, желкесін, тілін дегендей атап атап беретін. Көкем айтқан қасиеттерге шынында ие болатындай асап жеп қоятынбыз. Қазіргі балалар, көз, құлақ, құйқаны көрсе лоқсып жемейді. Одан гөрі лаваш, шекін сияқты көшенің беймәлім асын жегенді тәуір көреді. Мүмкін бұл бүгінгі заманның тоқшылығынан болса керек.

Наурыз мерекесі болсын,

басқадай жиын болсын, сирақсыз бастың құр өзін пісіріп дастарханға қояды. Ана басты жеу мүмкін емес. Тастай қатты етіп пісіреді. Оны қариялар жей алмайды. Демек, басқа мән беріп, қадағалап, бабымен пісірмейді. Бас тартты ма, тартты есебі. Бұрын басты пісіргенде бір әйелді арнайы басты пісіруге қоятын. Астына отты алаулатпай, асықпай бабымен жағып, көбігін алып былбыратып пісіретін. Бастан дәм татқан қариялар әлгі басты пісірген келінді дастарханның басына шақырып арнайылап алғыс

арнап тартылғанда үй иесіне арнап мынадай қысқа, мазмұны терең бата беріледі:

Асың, асың асыңа,  
Береке берсін басыңа.  
\*\*\*

Бақ дәулетің шашылып жатсын,  
Қазаның асылып жатсын.  
\*\*\*

Кетпес дәулет,  
Кең пейіл берсін!  
\*\*\*

Дастарханға береке берсін,  
Ерге дәулет берсін.  
\*\*\*

Ошақтан от кетпесін,  
Үйіңнен көп кетпесін.  
\*\*\*

Құдайым малды қыл,  
Тең-құрбыңның алды қыл.  
\*\*\*

Дәулетті бақ берсін,  
Бақытты ас берсін-деген игі тілектер айтылады. Мүмкін біреулер өз ойынан шыққан ақ баталарын жолдауы мүмкін. Ол тіптен жақсы болар еді.

Бас туралы тағы бір білуге тиісті нәрсе, той, жиындарда сізге құрметті қонақ ретінде бас тартатын болса, өзіңіз ауыз тиіп болған соң, маңайыңызда сізден үлкен немесе сіз қатарлы кісі болмаған жағдайда бастың көзін, құлағын, езуінен, желке құйқасынан қасыңызда отырған жас кіші кісілерге үлестіргеніңіз абзал. «Адам көңілі бір атым насыбайдан қалады» деген рас сөз бар. Сол себепті кейде бас тимей қалса өкпелейтін де кісілер болады. Бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда, тоқшылық заманда астың төресі, қадірлісі, құрметтісі саналатын бастың қадірі түсіп, тойхана, кафелерде сатыла беретін болды. Сатылғаны еш нәрсе емес, аяқ асты етілуде. Өткен жолы қаладағы бір кафеде жаңа жылдық корпоративте бір мекеменің жап-жас, әлі отызға да толмаған басшысына бас тартылғанын көрдік. Арақ-шараптың ортасында қадірлі деген басымыз жетімсіреп тұрды. Не бата берілмеді, не құран оқылып, ас қайыру болмады. Әркім ішіп-жеп бет бетімен кетті. Ал оның обал-сауабы, киесі кімге тиеді?

Сондықтан Наурыз мерекесі деген ұлық мерекеміз келе жатыр. Ұлыстың ұлы күні ұлықтауға тиісті құндылықтарымыздың құнын түсіріп алмайық.

Асымыз, ас төресі басымыз көп болсын!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**  
ҚР Мәдениет саласының үздігі.



## Наурыз

Ұлыстың күні ұлығым,  
Уызын иген тұнығым.  
Әзіретті наурызым,  
Әлемде жоқ ұлы күн.

Суықтың жолы қиылып,  
Түркінің жұрты жиылып,  
Шуағын тәгіп күн нұры,  
Нәпсі мен арам тиылып.

Көктеме деген көк басы,  
Наурызым нағыз отбасы,  
Ерітер күнің от көзі,  
Самарқанның көк тасын.

Қар көбесін көк тесіп,  
Көрші мен көрші септесіп.  
Көңілі шуақ ағайын,  
Көрісіп жатыр беттесіп.

Ауылым айнап жүрегім,  
Арқамды сүйер тірегім.  
Тазалық-наурыз бесігі,

Қолымда тырма, күрегім.

Серік еткен сара ізді,  
Тату еткен наразды.  
Адалдықтың сепшісі,  
Теңдей тартқан таразды.

Қорада төлім маңырап,  
Күніне екі жамырап.  
Көктемнің күні мереке,  
Көбірісіп көк бел қалжырап.

Бір еріп, жауып ақ қары,  
Алақат тартқан бақтары.  
Наурызым келді сүйінші!  
Жауыны, желі шаттанып.

Еркелей соққан дауылы,  
Былқ етпес көкем ауылы.  
Тұяқ серпіп соңғы қыс,  
Бас изескен қауымы!

**М.ЖЕҢІСҰЛЫ.**

# АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІ АҒАЙЫНҒА ОРТАҚ

## Құдайы астың анықтамасы

Дүние салған кісіге сауабы тиісін деген мақсатта берілетін асты «Құдайы ас» деп атайды. «Құдайы ас» атауынан көрініп тұрғандай (Алла Тағаланың разылығын алу үшін) қайтыс болған адамға арналған ас. Мұндай ас қайтыс болған кісі Апланың рақымы мен кешіріміне бөлену үшін өткізіледі. Мұнымен қоса қазақ халқының дәстүрінде Құдайы астың өңірлерге қатысты келесідей атаулары да бар, атап айтқанда: садақа, жабдық, береке жинау, хатым өткізу және т.б.

## Мақсаты

Қазақстанның барлық аймағында шарифат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау.

Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат ету.

## Өзектілігі

Әр халықтың өмір салтына қатысты қалыптасқан өз әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлері, соның ішінде діни-танымдық ғұрыптардың кеңінен қалыптасқан. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шарифатпен хәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шарифат пен дәстүрге сәйкес келмейтін шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы кім-кімді де алаңдатпай қоймайды.

Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап көміп, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты және тағы басқа шараларда дастархан жайылғанда діни-мәдениетке сай келмейтін, ақырет үшін пайдасы кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп дастархан жайып, шектен тыс шығын жасап, ас та төк, ағын-төгін дастархан жаюда. Бұл, орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртыпшылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу мәселесі шарифат заңдары мен салт.

Дәстүр бойынша реттеуді талап етеді.

Ауқатты отбасылар асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысықысы келмейтіні түсінікті. Осыдан келе жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал шын мәнінде шарифатта: «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» деген.

Бүгінгі күні осы сынды әдет-ғұрыптар мен рәсімдер реттелмесе, жыл өткен сайын бұл қиындықтар күшейе түсуі мүмкін.

Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжат қабылдауды басты назарға алып отыр.

## Тарихи түсінік

Қазақ халқында қайтыс болған адамды дәстүр бойынша арулап жудан бастап, ақ матаға кебіндеу, жаназа намазын оқу, шығарып салу, жерлеу, қоштасу, асын беру, қазаның қайғысын бөлісу секілді діни және ұлттық жоралғылар бар.

Осыған қарай құдайы ас беру жоралғысын өткізудің жылдар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері мен дәстүрлері бар. Халық түсінігінде берілетін астың, оқылған Құранның, жасалған дұға-тілектің қайтыс болған кісіге тигізетін пайдасымен сауабы жайында терең сенім қалыптасқан. Ал марқұмдарға ас бермеу «ата-бабасын сыйламау, әруақтарды құрметтемеу» деп саналған. Сондықтан, құдайы ас берудегі осы жоралғыларды реттеу – өзекті мәселе.

Себебі, уақыт өте келе халық арасында «ата-бабама ас бермесем елден ұят болады, перзенттік абыройымнан айырыламын» деген түсінік қалыптасты. Осылайша құдайы ас бергенде өлілер қамы емес, тірілер ризашылығы (мейрамханада ас өткізу, қымбат дастархан мәзіріне мән беру, т.б.) ерекше назарға алынатын болды. Ендігі кезекте, осы сынды бұрыс сенімдерден саналы түрде арылатын уақыт келді. Негізінде тірілерге де, қайтқан кісілерге де пайдасы тиетін дүниелерге бірдей мән берген дұрыс.

## Құдайы ас берудің мәні

Құдайы астың негізгі мәні – көпшіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Апланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау.

## Халық дәстүріндегі құдайы астар

Қазақ халқының дәстүрінде марқұмдарға арнап берілетін құдайы астардың бірнеше түрі бар. Мысалы, «үш күндігін беру», «жетісін беру», «қырқын беру», «жүзін беру», «жылын беру» және т.б. Яғни көңіл айтып келген кісіге дастархан жайып ас беру қазақ халқының қанына сіңіп, дәстүріне айналған. Сондықтан дүниеден озғандарға арналған құдайы астардан бөлек көпшілікке берілетін астар да бар. Ата-анасының, басқа туыстарының дүниеден озғанына бес жылдық, он жылдық, тіпті марқұмның 100 жасқа толуын еске алатын құдайы астың түрлері бар. Әсіресе, қазақ халқының тарихында хандар мен батырларға сондай-ақ, ақын бабалар мен би-шешендерге сауын айтып, арнайы құдайы ас беру дәстүрі кеңінен қалыптасқан.

Шарифат бойынша марқұмның артынан ізгі тілек тілеп, дұға жасаудың сауабы мол. Сол себепті, осындай кәделі күндері марқұмның артында қалған ұрпақтары сауабы тиісін деген ниетпен көпшілікке ас беріп, тамақ таратып, Құран оқытып, дұға жасайды.

## Құдайы ас берудің діндегі орны

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан әзірленіп, жарық көрген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабында: «Қайтыс болған кісінің атынан ас беру – ислам шарифатында міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды.

Бірақ жалпы алғанда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін Құран аяттарынан және хадистерден байқаймыз. Дінімізде «міндетті түрде қарызданып немесе өзіңе қажетті қаржыңды жұмсап, қайтыс болған кісі атынан ірі қара мал сойып, садақа бер» деген үкім жоқ. Садақалар, құдайы астар берілген жағдайда ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс», – делінген [«Жаназа және жерлеу рәсімдері» – Астана, 2017. – 148 бет].

Ел ішіндегі әдет-ғұрыптар, дәстүрлер бірте-бірте адамдар арасындағы қарым-қатынастан түзіліп шығады. Қоғамда қалыптастықан дәстүрлер мен әдеттер шарифатқа келмесе, орындаудың еш оғаштығы жоқ. Алайда, діннің негізгі ережелерін бұрмалауға болмайды. Сол себепті, мұсылмандардың қоғамдық істері туралы ақылдасу, ой елегінен өткізу шарасы жүргізілгенде, осы қағида естен шықпауы тиіс.

Құдайы астарды беру кезінде ислам дінінің осындай өзгермейтін мәңгілік құндылықтарына нұқсан келтіріп алмау жағын назарда ұстау қажет. Бұл құжатта шарифатта көрсетілген «парыз, уәжіп, халал-харам» сынды діннің басқа да қатаң талап-қағидалары ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.

## Әдет-ғұрыптардың жаңаша сипат алуы

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген құқықтық динамизмін сақтайтын маңызды қағида бар. Ол Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннетінің түпкі мәнінен сүзіліп алынған іргелі дәстүр. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі – заңды құбылыс.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі өзгеріп, ауысып кеткен. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, тіршіліктің күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлері мен модельдерін дәл сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесіп алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астың нақты уақытын белгілеп, бүкіл халықтың сол уақытқа тоқтауын, белгілі бір дастархан мәзірін жасап, сол мәзірге бірауыздан келісуін, қысқасы, құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже жасап, сол ережені бекітуді бүгінгі қоғамдағы ынтымақ-бірлікті сақтау және заман талаптарымен санасу деп білеміз.

## Құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегі

### Шынайы ниет ету

Асыл дінімізде кез келген іске кіріспес бұрын әуелі шынайы ниет пен ықыласқа ерекше мән беріледі; Мұсылманның ниеті ісінен қайырылы;

Шарифатта жасалған жақсылықтардың сауабы жүректегі ниет-

пен өлшенеді;

Атқарылатын әрбір іске әрдайым шынайы ықылас қажет. Сауапты істе көзбояушылық жасауға болмайды;

Марқұмның атынан ас берілгенде, негізгі ниет – бір Құдайдың разылығын ғана табу болуы тиіс. Одан өзге ниет – астың сауабын кемітеді. Ас беруші шаңырақ осы ниеттен арылмауы қажет;

Құдайы астағы оқылған Құранның, жасалған дұғаның, берілген садақаның мақсаты – тірілердің не ойлайтыны емес, марқұмның мәңгілік өміріне пайдасын тигізетін ізгі амал жасап сауабын бағыштау.

## Құдайы асқа жиналу

Марқұмдарға арналған құдайы ас артында қалған ұрпақтарының, жұбайының, ұл-қыздарының және ет-бауыр жақындарының атынан беріледі.

Берілетін асқа, онда оқылатын Құранға, жасалатын дұғаға қайтыс болған кісінің ұрпақтары мен туысқандарының қатысқаны абзал.

Сондай-ақ Құдайы асқа жасы үлкен кісілер, жақын туыстары, көршілері мен достары шақырылады.

Қайтқан кісінің артынан үздіксіз жетіп тұратын ізгі үш істің бірі – артында қалған ұрпағының жасаған дұғасы. Сол себепті, құдайы астарда марқұмның өз ұрпақтарының дұға жасағаны абзал.

Басына қайғылы іс түскен жағдайда ағайын, туған-туыстар тез арада жиналып, ынтымақтасып, отбасының жанынан табылып, бірі-біріне қол ұшын бергені дұрыс.

Қайғы-қасіретке ұшыраған отбасының материалдық жағдайы көтермейтін болса, тума-туыстары көмек көрсеткені жөн.

Ислам дінінде жеке жасалған іске қарағанда, көпшілікпен бірге атқарылған игі істердің сауабы көбірек болады.

Құдайы асқа келгенде киім кию әдебіне де (әйел адамдар мүмкіндігінше шарифатқа сай киюге) мән берген жөн.

Елде төтенше жағдай орнаған жағдайда құдайы ас беруді кейінге қалдырған абзал немесе өз отбасымен ғана өткізген дұрыс. Ал іңдетке шалдыққан адамның мұндай жиындарға қатыспауы тиіс.

## Құран оқу, бата беру және дұға жасау

Әрбір құдайы астың түпкі мақсаты – дүние салған адамдардың рухына Құран аяттарын бағыштау.

Асқа Құран оқыту үшін жергілікті мешіттің имамын шақырған жөн. Егер марқұмның ет бауыр жақындарының арасында Құранды сауатты оқытындар болса, оларға оқыту артықтық етпейді.

Құран аяттарының бәрі де бірдей қасиетті екендігі айқын. Сондықтан қай сүрені яки қай аятты оқыса да болады.

Құдайы асқа жиналған жұрттың уақытын үнемдеу мақсатында тым ұзақ емес, орташа (5-7 минут) көлемдегі сүре-аяттарды оқу құптарлық іс.

Оқылған аяттың дұғасын жасағанда марқұмдардың өз атымен қоса оның әкесінің есімін қосып айтқан жөн.

Дұға жасағанда оқыған Құранның сауабын пайғамбарлардың, қазақ даласынан өткен әулиелердің, батыр бабалар мен сол асқа қатысып отырған көпшіліктің де ата-баба, марқұмдарының рухтарына бағыштауға болады.

Құран оқылып, дұға жасағанда жиналған көпшілік ниеттес болып отырғаны дұрыс. Құдайы аста Құран оқудан бұрын әулеттің үлкеніне немесе сол жерге келген қонақтардың ішінен жасы үлкен сыйлы ақсақалға бата жасату – қазақы мәдениетіміздің көрінісі.

(Жалғасы бар).  
Қазақстан Діни Мұсылмандар басқармасы.

Дана халқымызда «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік», «жаманнан жасауыл қойсаң-елінді жауға алдырар, наданнан би қойсаң-елінді дауға алдырар» деген сөздер бар. Мұнан қарапайым халықтың биді құрмет тұтуымен қатар, оған қатаң талап та қоя білгенін байқау білуге болады. Парасаттылық, имандылық, адамгершілік,

лікке түсінікті тілде жазылуын қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың 16 наурызында «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді. Осы уақыттан бастап судьялар шешімді жаң-

телген. Маңызды-істің мән-жайын қысқа әрі нақты жеткізу. Сөйлемдердің шұбаланды болмай, ықшам, тұжырымды, ұғынуға қолайлы болуы шарт. Сот актісіне ресми құжат сипатын беретін оның құрлымдық элементтері мен деректемелердің дұрыс жазылып, стиліне қойылатын талаптардың сақталуы болып табылады. Сот актілері ресми-іскерлік

## Сот актісі-сот біліктілігінің көрсеткіші

кәсібилік-бұл бүгінгі күннің билеріне де қойылатын талаптар. Судьяның кәсіби білімі мен біліктілігі оның қабылдаған шешімінің көрінісін тұрады. Шешім арқылы судьяға, бүкіл сот билігіне баға беріледі. Сондықтан сауатсыз жазылған сот актісі бір ғана судьяның емес, бүкіл сот жүйесінің беделін түсіретіні анық. Әрбір қабылдаған шешімнің заңды және негізді болуы шарт. Сонымен қатар сот актісінің құрлымдық, мазмұндық, стилистикалық талаптарға сай болуы да міндетті. Сондықтан сот актілерінің сапасын көтеру, олардың оңай жеңіл, көпші-

артылған форматта дайындай бастады. Жаңа талаптарға сәйкес сот шешімі бекітілген нысанда рәсімделуі қажет. Шешімнің мәтінінде оқиғалар мен мән-жайлардың егжей-тегжейлі жазылуына, ресми құжаттарда қолдануға болмайтын, қабылданған қысқартулар мен сөздерді пайдалануға, сотта айтылмаған түзетулерді енгізуге тиым салынған. Сот шешімі мазмұны жағынан оқылуға оңай, жеңіл әрі түсінікті тілмен жазылуы керек. Сондай-ақ, әрбір талаптың нөмірленіп, сот шешімдеріне олардың әрқайсысы бойынша тұжырымдарың бөлек көрсетілуі міндет-

стильдің басты белгілері дәлдік, ықшамдылық, нақтылық болып табылады. Дәлдік барлық сөздердің тек тура мағынасына сәйкес қолданылуы арқылы жүзеге асырады. Ықшамдылық баяндаудың тұтастығынан, тілдік құралдарды тиімді пайдаланудан, ал нақтылық болған іс-әрекетті нақты, ешқандай эмоциясыз баяндаудан көрінеді. Сонымен қатар сот актісі тілдік нормаларға сай жазылуы тиіс.

**Б.САҒЫНТАЕВ,**  
**Созақ аудандық сотының судьясы.**

## Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымызсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодексті талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Марат АСАНОВ,**  
**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық тіркеу және кадастры бөлімінің басшысының м.у.а**

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да-қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару ор-

## Жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

гандарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген. Сондай-ақ мемлекеттік мекеменің кіре берісінде арнайы «Сенім жәшігі» орнатылып, сенім телефоны қойылған. Одан бөлек сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында өтетін семинар кеңестерді және жиналыстарды қорытындылағанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары туралы сабақтар өтіп тұрады.Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, ол жалпы қоғамның психикасына тереңнен байланған қылмыс түрі. Онымен күресу оңай шаруа емес. Сонда да болсын, «Тура диде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген дана халық емеспіз бе? Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айналадағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

**Ақнұр ИСАЕВА,**  
**аудан әкімі аппараты заң бөлімінің бас маманы.**

## БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

**-Арнаулы әлеуметтік төлем қашан, кімдер үшін және қандай мақсатта енгізілді?**  
-Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Республикасының еңбек жағдайлары зиянды жұмыспен қамтылған азаматтары мен ел аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік қорғалу деңгейін одан әрі арттыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылатын арнаулы әлеуметтік төлем енгізілді.  
Жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын кәсіптері мен қызмет түрлері еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесіне енгізілген жұмыскерлер үшін аударады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

**Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2024 жылдың 28 наурыз күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.**

- 1.Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Созақ аудандық мансап орталығы» филиалының 2023 жылда атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы.
  - 2.Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министірілігі Ветеринариялық бақылау және Қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 2023 жылда атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы.
  - 3.Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министірілігі Агро өндірістік кешенінің мемлекеттік инспекциялық комитеті Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 2023 жылда атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы.
  - 4.«Түркістан облысы әкімдігінің ауылшаруашылық басқармасының «Ветеринария қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Созақ аудандық филиалының 2023 жылда атқарылған жұмыстары туралы хабарламасы.
  - 5.Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің 2024 жылдың I – тоқсанында атқарылған жұмыстары туралы есебі.
  - 6.Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі.
  - 7.Басқада мәселелер.
- Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 28 наурыз күні сағат 9:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

**Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы**

**М.Сапаров.**

## Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасы-аса қауіпті жұқпалы ауру

Конго – Қырым қанды геморрагиялық қызбасы-табиғи ошақтары бар, вирустар арқылы берілетін, дүниежүзінде кең тараған аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Облыс бойынша аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жататын Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасы ауруынан жыл сайын эпидемиологиялық ахуал тұрақтанбай, қолайсыз жағдай сақталуда. Шымкент обаға қарсы күрес станциясының көп жылдық зерттеулер қорытындысы бойынша қазіргі таңда КҚГҚ вирусының негізгі және қосымша тасымалдаушысы болып табылатын кенелердің 15-ке жуық түрі облыс аумағында анықталған.

Кененің белсенділігі туралы: Н.Asіaticum кене түрінің белсенділігі наурыз айының ІІІ-ші он күндігінен бастап, маусым айының екінші он күндігі аралығында және қыркүйек айынан бастап, қазан айының І-ші он күндігі арасында болса, Н.Anatolіcum түрінің мамыр айының үшінші он күндігі мен қыркүйек айының бірінші он күндігі аралығында белсенділік танытады.

Аурудың белгілері: аяқ астынан тез басталады, адамның басы қатты ауырып, денесі дел – сал болады, әлі құрып, тамаққа тәбеті шаппайды, белі сырқырайды. Адам денесінің қызуы 40 градусқа дейін көтеріледі, келесі күні лоқсып, құсқысы келеді, іші өтеді. Сосын беті ісініп, қызарады, тілінің үсті ағарады. Сырқат басталғаннан 2-4 күн өткен соң ауру адамдардың мұрнынан, құлағынан, тіс еттерінен, жатырынан, ішегінен қан кетуі мүмкін. Бұл жағдай 3-7 күнге созылады. Асқазан мен ішекке қан кеткенде, адамның үлкен дәреті қараяды. Тістерінің түптері босап қанайды, тіпті аузы-мұрнынан бірнеше күн қатарынан қан кетуі мүмкін. Осының салдарынан науқастың жағдайы нашарлап, әлсірейді, жүректің

соғуы жиілейді. Науқастың терісінде укол салғанда неме-сегутпен қысқанда тері астына қан құйылып көкала дақтар пайда (көғалақойдай) болады. Уақтылы дәрігерлерге қаралып емделмеген жағдайда науқастың қайтыс болуы мүмкін. Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасының жеңіл өтетін түрі де болады. Мұндайда адамның дене қызуы ұзаққа созылмайды, тері астына қан кетіп, тіс түптері қанталайды. Бір-екі рет мұрнынан қан кетеді, содан кейін адам 7-10 күннің ішінде жазылады. Ал кей жағдайларда геморрагиялық қызба ауруынан жазылу бір жарым – екі айға дейін созылуы мүмкін.

Кене шаққан жағдайда терідегі кененің үстіне май тамызып кенені пинцетпен немесе жіппен байлап жайлап ырғап-ырғап шығарады. Кенені езіп өлтіруге болмайды. Со-сын тездетіп дәрігерлерге қаралу қажет.

Конго-Қырым қанды қызбасының алдын-алу мақсатында, Түркістан облысы аумағындағы аудан, қала, ауыл округтерге жергілікті аудан, қаладағы «Ветеринарлық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мамандарымен ауыл шаруашылығы жануарларына және мал қораларына кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары наурыз, сәуір, мамыр және шілде, тамыз, қыркүйек айларында 2 кезеңде жүргізіледі. Кенені жою үшін қораға жасайтын залалсыздандыру (дезинсекция) жүргізу алдын қора жайларды механикалық тазалаудан өткізу керек. Сондықтан қора-жайларыңызды тазалап, ауылшаруашылығы жануарларына кенеге қарсы бүрку, тоғыту, қора-жайларды залалсыздандырудан қалдырмаңыздар.

**ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.**

## Құттықтау!

Бар ғаламның патшасы-  
ол уақыт!

Астана қаласының тұрғыны, асыл әке, ардақты жан, ағайын туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы, қамқор болып жүрген Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі үздік қызметкері, көптеген медальдар мен марапаттардың иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Қамбарбеков Қаршығабек Мұқанбекұлы 24 наурызда 63 жасқа толып отыр. Қаршығабек Мұқанбекұлын зейнеткерлік жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Көп жылғы бейнеттің, еткен еңбектің жемісін, зейнетін көр! Өзіңе және Отбасыңа зор денсаулық, бақыт пен береке тілейміз! Өсіріп отырған бала-шағаларың мен немерелеріңнің қызығын көріңдер! Отбасыларыңда тек жақсылықтар көп болсын! Шығармалық арқашан биік болсын!



Сыныптас досы Орынбек Тоқбайұлы.  
Жиені Ғабит Темірбекұлы.

СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫНАН  
САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Сібір жарасы (түйнеме) – зооноз тобындағы жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін. Аурудың қоздырушысы – таяқша пішінді, қозғалмайтын аэробты бактерия. Бұл бактериялар адам мен жануарлардың ағзасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар физикалық-химиялық әсерлерге өте төзімділік танытып, қоршаған ортада ондаған жылдарға дейін сақталады. Сібір жарасын адамға жұқтырушы көз – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішіп-жеуде және ластанған топырақты егістікке қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды.

Сібір жарасының белгілері мен аурудың ағымы. Ауру көбінесе тері жамылғысын зақымдайды, сирек түрде ішкі мүшелерді де зақымдауы мүмкін. Инкубация кезеңінің ұзақтығы терілік формада бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, сепсистік формада 6-8 күн. Дененің ашықжерлері зақымдалады.

Қоздырғыш енген жерде алдыменен диаметрі 1-2 см, қызыл-көкшіл түсті, ауырмайтын дақ пайда болады. Сол жер қышиды, ашиды. Бірнеше сағаттан кейін дақтың орнында мыстың түсіндей папула пайда болады. 12-24 сағаттан кейін іші серозды, соңынан қанды сұйықтыққа толы везикулаға айналады. Осы везикула жарылғаннан кейін, жиектері көтеріңкі, түбі қоңыр түсті жараға айналады. Осы кезден бастап оны карбункул деп атаймыз. Жараның айналасы қызарып, ісіп тұрады. 1-2 аптадан кейін карбункулдың ортасы қарайған тығыз, ауырмайтын некрозды қабыршаққа айналады. Осы қабыршақ айналасындағы қызарған терінің ортасындағы қара дақ, қызыл шоқтың ортасындағы көміртәрізді көрінеді. Сондықтан оның аты грек тілінен аударғанда «anthax – көмір» деген мағынаны білдіреді. Оның айналасында сезімдалдық мүлдеболмайды.

Лимфа түйіндерінің ұлғаюуы болады. 2-3 аптаның соңына қарай қабыршақ түсіп, оның орны тыртықанады. Карбункулдың ең көп ораналсатын жерлері – аяқ-қол, мойын және желке. Жергілікті қабыну процесі кезінде ағзаның жалпы улану белгілері болады. Әлсіздік, шаршағыштық, басының ауыруы, дене қызуы субфебрильдіден, 39-40°C дейін көтеріледі.

Адамда ауру 90-95% дейін терілік формада болады. Терілік форма 80% жағдайда жеңіл түрде, 20% ауыр түрде өтеді. Дер кезінде емделмеген немесе кеш емделген терілік түрде өлім 5% дейін жетеді. Ішектік формада ауру ауыр уланумен, геморрагиялық энтероколитпен көрініс береді, үрдіс аз уақытта сепсиске ұласады. Аурудың бастапқы кезеңіндегі айтылған белгілер байқалған жағдайда науқас немесе оның жақындары оны міндетті түрде ауруханаға жеткізіліп медициналық көмекке жүгіну қажет. Дәрігерге дер кезінде қаралғанды және арнайы емдеу шараларын жүргізгенде дерттен толығымен жазылып кетуге болады. Сібір жарасының ең тиімді алдын алу шарасы – жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцинаны егу үй жануарлар мен ет комбинаттарында, мал шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері-жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі. Адам ағзасында Сібір жарасына төтеп бере алу қасиеті егуден кейінгі 12-14 күнде пайда болады да, 12 айға жуық сақталады. Егілген тұлғалар жұмысқа 2 аптадан соң ғана жіберіледі және жыл сайын екпе алып отырулары қажет. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс боғандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға тырысқан жөн.

Нурлан СЕМБЕКОВ,  
Құмкент ауыл округі ветеринариялық  
бекет меңгерушісі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«DAMU METALS» ЖШС ҚР Түркістан облысындағы 177 блок шегінде лицензиялық аумақта қатты пайдалы қазбаларды(ҚПҚ) барлау жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Учаске орталығының географиялық координаттары: 44қ56'44.69" с.б., 67қ54'56.38" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 30 сәуірде жергілікті уақыт бойынша сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о, Бақырлы ауылының клубында өткізіледі.

Жобалық құжаттама бойынша хабарлама (Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының ТРЖТТРБ <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Қоғам өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын және сұрақтарын электронды портал арқылы <https://ecportal.kz/> немесе a.shymabekova@ontustik.gov.kz электрондық пошталық арқылы қағаз түрінде бере алады, келесі мекен-жай бойынша: 160023, Түркістан облысы, Түркістан қ., Жаңа қалашағын ауданы, 32.20 көшесі, тел

Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы: «DAMU METALS» ЖШС, БСН 231040019317, мекенжайы: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би ауд., Әбдіров даңғылы, 3 корпус, байланыс телефондары: 8-771-747-4772, e-mail: [ser@swiss-ce.com](mailto:ser@swiss-ce.com), директоры Рахметжанов С.Е.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, Алматы қ., Тлендиев көш. 258 В үй, 8(727) 376-60-62.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. ZOOM конференциясына онлайн қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtXjNkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Кіру коды: 123456.

Орманды өрттен қорғау-  
адами борышымыз

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуына туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Ормандаз, а таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нәсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын көз келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, көзеп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Нұрболат БИСУГІРОВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін  
қорғау мекемесінің орман күзетші-  
қорықшысы.

## Жарамсыз деп танылсын

Созақ ауылдық округіне қарасты "Изенді" шаруа қожалығының мөрі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО«DAMU METALS»сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по плану разведки твердых полезных ископаемых (ТПИ) на лицензионной площади в пределах 177 блоков в Туркестанской области Республики Казахстан. Географические координаты центра участка: 44қ56'44.69"С, 67қ54'56.38"В

Общественные слушания состоятся 30 апреля 2024 года в 11:00 часов местного времени по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бакырлы, сельский клуб в с. Бакырлы.

Документация по проекту размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области в разделе «Общественные слушания».

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на <https://ecportal.kz/> или по e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz, в бумажной форме по адресу: 160023, Туркестанская область, г. Туркестан, мкр. Новый город, улица 32.20, тел. 8 (72533) 5-98-49.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «DAMU METALS», БИН 231040019317, адрес: Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек би, проспект Абдилова, строение 3, контакты: тел.: 8-771-747-4772, e-mail: [ser@swiss-ce.com](mailto:ser@swiss-ce.com), директор Рахметжанов С.Е.

Составитель проектной документации: ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Тлендиева, 258 «В» Тел: 8 (727) 376 60 62.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся посредством видеоконференцсвязи. Ссылка на онлайн-подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtXjNkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Тілсіз жаудан  
сақтанайық!

Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сұрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезде отынды бакқа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанар маймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны мұлайыту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұздан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Ержан АСҚАРОВ,  
Созақ орман және жануарлар  
әлемін қорғау мекемесінің орман  
күзетші-қорықшысы.

Шолақорған ауылының тұрғыны Жетпісбайұлы Серік бауырымыз редакциямызға хабарласып, ауылдас-тарының атқарған игі істері жөнінде айтар жаңалығы бар екенін білдірген соң, іле-шала ізін суытпай аталмыш көшені бетке алдық.

Секең де үйінде мені күтіп отыр екен. Ол кісі мән-жайды түсіндірді. Таяуда жылқысы орнынан тұра алмай, ішін бүгіп қатты ауырып қалады. Ас-суға тәбетсіз жылқы таңертеңнен кешке дейін екі бүйірі солқылдап, ауыр демалып жата береді. Мал егесі отбасымен ақылдасып «жылқы өлетін болды, енді босқа өлгенше сойып алайық» деген ортақ шешімге келеді. Алайда алдында ғана жылқыны көріп кеткен ауылдың мал дәрігерлері Жорабек Жомарт, Әбдіқадіров Ғалымжан, Боқанов Әли үшеуі мал иесіне келіп: «Ақыры жылқы өлім аузында жатыр, сонда да болса соңғы мүмкіндік ретінде бұл малға ота жасауға рұқсат беріңіз? Сәтті шықса, мал болып оңалып кетер,-деп өтініш жасайды.

Мал иесі келісімін берген соң үш



ман. Техникумды бітірген жылдан бергі уақыт ішінде мал шаруашылығы саласында үздіксіз еңбек етіп келеді екен. Отбасында, балабақшада тәрбиеші болып еңбек ететін жұбайы Елібаева Сәулемен екеуі Нұрперзент, Самат, Бексұлтан, Бекзат, Жансерік атты перзенттерді бірлесе тәрбиелеп отыр. Үлкен студент, Саматы грек-рим күресінен республика чемпионы екенін аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Әбдіқадіров Ғалымжанның әкесі Құраш аға аудан орталығының тұрғындарына есімі таныс, білікті мал дәрігері. Әке жолын таңдаған Ғалымжан 2013 жылы Сарыағаш қаласындағы Қапалбек зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумын бітіріп келіп халыққа қызмет жасауда. Осы уақытта дейін ауру-сырқау малдарын әкеліп, айықтырып алып кеткен азаматтардың да Ғалымжанға алғысы шексіз. Жұбайы Қалжанова Лаура Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінде ұстаз. Әзіз, Сұлтан, Аруна атты ұл-қыздарды тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

# Жылқы малының жанашырлары

мамандарға кіресің. Үш сағаттан аса уақытқа созылған ота сәтті аяқталды. Негізі жылқының ішінде құлыны бар екен. Қасындағы жылқы теуіп ішіндегі құлынын өлтіріпті. Соны ота арқылы ішіне кесороро отасын жасап, аналық жылқыны аман алып қалады.

«Бұл ешнәрсе емес, өткен жолы ауылдың бір тұрғыны жылқысына ота жасап бер деп өтініш жасаған болатын. Сонда жылқының жатырында құлыны енді жетіліп келе жатып терісінен келіп өлген екен. Соны жылқыны жатқызып, аяқтарын матап ішіндегі құлынды бөлшектеп алуымызға тура келді. Соңынан жатырын жуып, тазалап күтімге қойдырдық дейді,-ота жасаушы мал дәрігері Ғалымжан.

Ота жасалғаннан кейін мал дәрігері жылқыны бір ай көлемінде диетаға ұстауға кеңес берді. Жатыры тазарып, науқасының беті қайтып, жарасы жазылған жылқыны диеттада ұстау аса қиынға соғады. Алайда таңертеңнен кешке дейін уақтылы жем-шөбі, таза жылы суы

беріліп, жылы жерде тұрса айға жетпей құлан таза айығып кетеді. Ғалымжан мен Жомарт айына орта есеппен 40-50 жылқыны емдейді екен. Олар биыл аудан көлемінде Созақ, Сызған, Тасты ауылдарына және көршілес Кентау қаласына жеке азаматтардың шақыртуымен барып көмек қолын созып қайтты.

«Біздің көмеке халыққа ақылы қызмет жасайды. Мысалы, жылқының бағасын білесіз. Кемі 400-500 мың теңге тұрады. Бәйге аттарының бағасы тым қымбат. Алайда ветеринарлық қызметті шақырғаны үшін 1000 теңге, қарағанымыз үшін 500 теңге, дәрі егу 500 теңге болады. Ота жасағанымыз үшін кейде мырза кісілер 10-15 мың теңге береді. Кейде ақшамыз жоқ деп 1000-2000 теңге ұстатқандар да болды. Енді халықтың ішінде жүрген соң, халықтың жағдайына да қараймыз. Болмайды деп ауру малды емдемей кеткен сәтіміз болған емес. Көбіне жылқы малы ішінде сақау (іріңді жара), сіңірі созылған бәйге аттары, аяғын індішекке тығып алып жаратқан жылқылар көптеп кез-

деседі. Жалпы біз төрт түлік малдарға, үй жануарларына вакцина егумен, түрлі аурулардың алдын алу үшін қан алумен, қора-жайларды залалсыздандыру жұмыстарымен айналысамыз,-дейді Жомарт Жорабек.

«Бір жолы қасқыр жаралап кеткен тайды емдеді. Терісін жалбыратып кеткен. Ол тайды екі-үш күн сайын барып жарасын жуып, дәрі жағып жүріп жазып алған кезімді болды. Мал иесі біздің жұмысымызға ризашылығын білдіріп жатты,-дейді Әли ініміз.

«Дәрігер адамды емдесе, мал дәрігері адамзатты емдейді» деп тегін айтылмаған. Адамзат өміріне қауіп әкелетін түрлі жұқпалы дерттер мен аса қатерлі обалардың алдын алатын ветеринар мамандығы абыройлы мамандық. Енді осынау қиын да қызықты мамандықты меңгерген ауыл азаматтарымен жақынырақ танысудың сәті түсті. Ішіндегі жасы үлкені Жорабек Жомарт 1991 жылы Сарыағаш қаласындағы Қапалбек зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумын бітірген білікті ма-

ман. Боқанов Әли техникумның мал дәрігері мамандығы бойынша бітірген түлегі. Білікті мамандардан үйренері көп жас маман.

«Қазақ халқы малмен біте қайнасан, бар тіршілігі, өмірі мен болашағы да осы төрт түлік мал. Бірақ өздері рахатын көріп, сүтін ішіп, етін жеп, өнімін ұқсатып отырып малға жаны ашымайтын адамдарда баршылық. Таңертең қорасынан шығарып жібереді де содан кешке дейін іздемейтіндер де бар. Апталап, айлап көздері жасаурап, жаны қиналып тұрған кезін көріп малға жаның ашиды. Оны мал деп мән бермейміз. Әйтпесе оның ағазының адамның ағазынан айырмасы жоқ. Байғұс тілі жоқ, сөйлей алмайды. Сол себепті де көмек беруге қашанда дайын тұрамыз,-дейді Жомарт.

Не десек те өзгенің малын өз малдай жаны ашып, өз мамандығы арқылы шапағатын тигізген мамандарға алғыстан басқа айтармыз жоқ. Ал осы сәтте ота үстеліне «асыққан» жылқылар көше кезуге шықты...

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Тіл-ұлттың жаны, рухы, оның бет бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады», -деп, тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған.

Президент «Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттың тілі, ал орыс тілін білу – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан оны үйренуге тиіспіз. Ал қазақ тілі – барлық Қазақстанды біріктіріп, жақындастырып өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді. Көп тіл білгеннің зияны жоқ. Мысалы, Швейцарияда такси жүргізушілерінің өзі төрт тілді біледі. Біз ағылшын тілін білмесек, әлемдегі озық инновацияға, технологияларға шыға алмай-

## Тіл-ұлттың жаны

мыз. Өйткені, барлығы сол тілде жүргізіледі. Жастарға айтатыным – осы», -деп қазақ тілінің абыройына басымдық берген болатын. Қазақ халқы өз елінің оза дамып келе жатқанын ана тілінің даму деңгейінен де көргісі келеді. Әрине, бұл салада бүгінде біршама игі істер жалғасын табауда. Оны сол тілді туғызған халықтың өзі бағалап отыр. Мен Қазақстан Республикасының азаматы ретінде қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілуіне тамшыдай болсын үлесімді қосу.

Мен қазақ тілін еркін меңгерген мақсаты айқын, арманы

асқақ, биікке ұмтылататын, сындарға шыдайтын, ел алдындағы парызын білетін, ғажапқа сенетін жанмын. Бұл менің қазақ тіліне, қазақ еліне деген құрметім деп білемін.

Өз басым, қилы қиын кезеңдерден өтіп, абыройын жоғалтпаған ұлттың ана тіліне құрметпен қарау біздің міндет деп ойлаймын. Қазақ тілінде сөйлейтін кез келген адам осы елдің қасиетті шаңырағына қадалған бір уығы екенін түсініп, тілге қатысты қай істе де өз сүйіспеншілігімен көрінуі керек. Мен қазақ тілінде жай сөйлемеймін, жүректен ұғынамын, біліп, түсініп сөйлеймін. Өзім өмір сүріп отырған қазақ елінің, тілінің терең иірім-

деріне бойлай білу-қасиетті парызым. Бұл-туған жеріме, еліме, сүйікті Отаныма, татқан дәмім мен ішкен суыма, қазақ жұртына деген құрметім. Қай ғасыр, қай дәуірде болмасын тіл ұлтты рухани дерттен сақтаушы. Міне, сондықтан қазақ тілінің өсуіне, өнуіне мүдделімін. Өзім сияқты өзге ұлт өкілдерінің «Мен осы елде туып-өстім, осы елде білім алдым, демек, мен қазақ тілін білуім керек» деген сөздері де мені қуантады. Қазіргі қазақ қоғамында әрбір жанға осы сана-сезімді қалыптастыруға бәріміз күш салуымыз керек. Қазақ тілінің қадір-қасиетін өз ана тіліміздей сезінсек ұтылмаймыз. Өйткені, тіл сөйле-

ушінің санымен ғана емес, санасымен де өлшенеді.

Қазақстанды келешекте рухани-мәдени кеңістігін ойдағыдай қалыптастырған, барлық саланы өркениеттік дәрежеге сай дамытқан және соның барлығын өздерінің мемлекеттік тілдерінде жасаған ел ретінде көргім келеді және соған өз үлесімді қосамын!

Мен Тәуелсіз Қазақстанымды, қасиетті де қастерлі мекенімді, байлық пен қазынаға толы жерімді, ең бастысы болашағы айқын, келешегі жарқын қазақ тілімді мақтан етемін!

**Бахринисо ПУЛАТОВА,**  
**I.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі, «Мемлекеттік тіл-тәуелсіздік символы» аудандық байқауының жеңімпазы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:  
Аға тілшілер-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асқан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрман КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3300 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.